



"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 мамыр N 680

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы

Z922200_

Заңына
(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12,

290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж

., N 8, 233, 247-құжаттар) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
мәтіндегі "ІІМ" және "Қазақстан Республикасы ІІМ" деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н ;

1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері

(бұдан әрі - ішкі әскерлері) Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмысты және өзге де құқыққа қарсы қол сұғылушылықтардан қорғауға арналады."

2-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу;

аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, бүлік салушылықтардың, террорлық актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату;

жанжал ауданын оқшауландыру және тосқауыл қою;

заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтың қолындағы қаруды алып қою, жанжал ауданынан іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті қорғау мен қауіпсіздікті күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі әскерлерге жүктелген міндеттерді орындауды:

ішкі әскерлерді әскери басқарудың органдары;

оперативті мақсаттағы құрамалар мен әскери бөлімдер;

мемлекеттік маңызы бар объектілерді және арнаулы жүктерді күзету жөніндегі арнайы әскери бөлімдер;

түзеу мекемелерін күзету және айдауылдау жөніндегі құрамалар мен әскери бөлімдер;

арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдер;

ішкі әскерлердің әскери-оқу орны;

ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдер жүзеге асырады."

4-бапта:

екінші бөлігіндегі "Ішкі әскерлер Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді" деген сөздер алынып тасталсын;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың Ішкі істер басқармаларының бастықтары тиісті облыстардың аумағына орналасқан және қоғамдық тәртіпті, түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және төтенше жағдайлар кезіндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешуді орындайтын ішкі әскерлердің құрамалары мен бөлімдері командирлеріне қатысты оперативті бастықтар болып т а б ы л а д ы . "

8-баптың екінші абзацындағы "және ішкі әскерлер Қолбасшысының Бас басқармасы туралы Ережені" деген сөздер алынып тасталсын.

1 3 - б а п т а :

екінші абзацындағы "арнайы моторландырылған полиция бөлімшелерін" деген сөздер "ішкі әскерлердің оперативті мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдерін және арнайы моторландырылған бөлімдерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(оқиғалардың) зардаптарын жою үшін," деген сөздер "(оқиғалардың) зардаптарын жою және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді орындау үшін," деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші және төртінші абзацтардағы "арнайы моторландырылған полиция бөлімдері" деген сөздер "ішкі әскерлердің оперативті мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері" деген сөздермен ауыстырылсын.

15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Ішкі әскерлердің Бас штабы

Ішкі әскерлердің Бас штабы ішкі әскерлерді әскери басқарудың негізгі органы болып табылады және әскерлерді тұрақты жауынгерлік әрі жұмылдырушылық әзірлікте ұстауға, ішкі әскерлердің құрылысы мен дамуы жоспарларын іске асыруға, олардың ұйымдастыру-штаттық құрылымын жетілдіруге, ішкі әскерлердің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін ұйымдастыруға арналады.

Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабымен бірлескен іс-әрекеттер нұсқаларын жоспарлайды."

2 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу;
аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, бүлік салушылықтардың, террорлық актілерін , қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату;
жанжал ауданын оқшауландыру және тосқауыл қою;
заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтың қолындағы қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда

қоғамдық тәртіпті қорғау мен қауіпсіздікті күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;"

26-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлер қаруланған қарулар мен оның оқ-дәрілері айналымы тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

28-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлердің оперативті мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдерін және арнайы моторландырылған бөлімдерін тұрақты орналасқан пункттерінен тысқары жерлерде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету мен төтенше оқиғалардың зардаптарын жою үшін ішкі істер органдарына көмек көрсету, сондай-ақ заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу, жанжал ауданын оқшауландыру мен тосқауыл қою, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, бүлік салушылықтардың, террорлық актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату, заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданында халықтың қолындағы қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті қорғау мен қауіпсіздікті күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тарту Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің оперативті мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдерінің жеке құрамын осы бапта көрсетілген өздеріне жүктелген міндеттерді тұрақты орналасқан пункттерінен тысқары жерлерде орындауға тарту уақытының мерзімі үш айдан аспауға тиіс."

29-баптағы "ІІМ ішкі әскерлері туралы заңды" және "Қазақстан Республикасының ІІМ ішкі әскерлері туралы" Заңды" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңын" деген сөздермен ауыстырылсын.

38-баптағы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің деген сөздер алынып тасталсын.

39-баптың үшінші бөлігіндегі "полицияның оперативтік бөлімдері мен арнайы моторландырылған бөлімдері үшін" деген сөздер "ішкі әскерлердің оперативті мақсаттағы құрамалары мен әскери бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері үшін" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ